

Мемлекеттік акциялар пакетінің бір бөлігі қор биржасында сатылатын, шаруашылық жүргізуші субъектілер тізбесіне енгізілген кәсіпорындардың мемлекеттік акциялар пакетінің көлемін айқындау туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 6 маусым N 936. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.09.30. N 1504 қаулысымен. ~P991504

Қазақстан республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Бағалы қағаздармен биржалық сауда жасауды жандандыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 15 желтоқсандағы N 1538 қаулысына
P961538_

(Қазақстан

Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 52, 499-құжат) сәйкес мемлекеттік акциялар пакетінің бір бөлігі қор биржасында сатылатын мына шаруашылық жүргізуші субъектілер сатудың бірінші кезеңіне қойылсын:

"Қазақстан алюминийі" акционерлік қоғамы - 5 процент;

"Казхром" акционерлік қоғамы - 2 процент;

"Соколов-Сарыбай КБӨБ" акционерлік қоғамы - 2 процент;

"Өскемен титан-магний комбинаты" акционерлік қоғамы - 16,5 процент;

<*>

"Қазақстан Халықтық Банкі" акционерлік қоғамы - 10 процент;

<*>

"Оңтүстік Топар кен басқармасы" акционерлік қоғамы - 30 процент;

"Борлы" акционерлік қоғамы - 10 процент;

"Шымкент қорғасын зауыты" акционерлік қоғамының бүкіл сатылмаған мемлекеттік пакеті - 39 процент.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.07.24. N 693 қаулысымен.

P980693_

2. Инвестициялық банктер арасында тендердің екінші кезеңін жүзеге асыру үшін сатылатын мемлекеттік акциялар пакетінің төменде келтірілген шаруашылық жүргізуші субъектілер бойынша мынадай проценттері айқындалсын:

"Жезқазғанцветмет" акционерлік қоғамы - 5-20 процент;

"Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамы - 5-7 процент;

"Қазақтелеком" акционерлік қоғамы - 2-4,5 процент;

"Ақтөбемұнайгаз" акционерлік қоғамы - 5-15 процент.

<*>

ЕСКЕРТУ. 1 және 2-тармақтар өзгертілді - ҚРҰ-нің 1997.11.15.

N 1588 қаулысымен.

P971588_

3. "Мемлекеттік акциялар пакетінің бір бөлігі қор биржасында сатылатын шаруашылық жүргізуші субъектілердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 30 желтоқсандағы N 1716 қаулысына

P961716_

мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Аталған қаулыға N 1 қосымшадағы 12 және 25 жолдар

"Теңізмұнайгаз АҚ"

"Ембімұнайгаз АҚ" алынып тасталсын;

реттік нөмірі N 33, 34, 35 мынадай мазмұндағы жолдармен

толықтырылсын:

"33 "Ақтөбемұнайгаз АҚ"

"34 Лисаков КБК"

"35 Шығыс Қазақстан мыс-химия комбинаты"

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК